

## Семинар

«7 ойыншық» жобасы бойынша  
дайындалған ұлттық ойыншықтарды  
қолдану арқылы баланы жан-жақты дамыту



«Рухани жаңғыру сәби шақтан»-дамыту бөлмесі

«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы  
едіскер Г.Б.Уразалина  
ақпан 2022 жыл



Ел ертеңі бүгіннен басталатынын терең түсінген дана халқымыз ежелден «Бала – өмір жалғасы» деп біліп, бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Егеменді еліміздің тірегі – білімді, тәрбиелі ұрпақ.

Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасын дамытатын, бүкіл әлемге Қазақстанды паш ететін бүгінгі жас ұрпақ болып табылады.

Қазіргі таңда еліміздің білім беру ісінде көптеген өзгерістер болып жатқаны баршаға аян. Ал бүгінгі таңда мектепке дейінгі балабақшаларда тәрбиешінің ең қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған, бойында дарынды, ұлттық құндылықтар бар жеке тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері және шыққан түп тамырында жататыны белгілі.



Тәрбие барысында ұлттық бұйымдарды қолдану тәрбие саласынан ерекше орын алады хақ. Қазақтың ұлттық бұйымдарын нақышына келтіріп, балалардың қызығушылығын арттыру үшін эстетикалық талғамға сай етіп әзірлеу – үлкен өнер. 25-жыл тәуелсіз ел болсақ та, өзіміздің ұлттық нақышымызды наш ететін дүниелер жоқтын қасы. Ұлттық нақыштағы бала тәрбиесіне қолдануға тиімді ойыншықтың бірі – «Жеті ойыншық» тауарлық белгісі.

Бұл ойыншықтың мақсаты – «Жеті ойыншық» құрастылмалы ағаш ойыншықтар арқылы балалардың логикасын, стратегиялық ойлау қабілетін, үздік көзбасшы болуға тәрбиелеу.

### «ЖЕТІ ОЙЫНШЫҚ»

ТАУАРЛЫҚ БЕЛГІСІНІҢ АВТОРЫ

## САКЕН ҚАСЫҚБАЙҰЛЫ БОЛЫСОВ

**«БҰЛ ОЙЫНШЫҚТАРДЫ ТӘРБИЕ  
БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНУ ӨТЕ ТИІМДІ,  
ӨРІ БАЛА ТӨРБИЕСІНДЕ ҮЛКЕН  
ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТУДІҢ БІР ЖОЛЫ  
ДЕСЕМ, АРТЫҚ АЙТПАҒАН  
БОЛАРМЫН»**



## “Рухани жаңғыру бала шақтап” жобасының басты мақсаты:

**Ұлттық қалып, ұлттық мінезді сақтай отырып, баланың жеке тұлға ретінде дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуына, өмірге бейімделіп, өзін дамытуына мүмкіндік беру.**

### Қазақтың ұлттық бабалар

«ойыншықтары мен ұлттық ойындарын ойын дәстемелік көмегіші» Хұрайдің айбыншуды Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіліген

«Ойыншықтардың мүлкісізді туралы Заңы», 2007 жылғы 21 шілдедегі N 306, «Егемен

Қазақстан» 2007 жылғы 4 тамыз N 230-231 және «Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараннақадан өткізу Ережесі»

басшылығы атыменгі.

Ойыншықтар «Мектепте тәрбие мен оқыту» Мемлекеттік жаңашыл ішкідегі білім беру стандартына сәйкес «Денсаулық»,

«Қағаздан», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік» бағдарламалары қолданыста тұрған

бағытталған Арнайы

ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен дербес іс-әрекеттер, күн тәртібі, кезеңдерінде балалардың дамуы мен тәрбиесінің шығармашылығын дамыту үшін бірінші кезеңінің қамтамасыз

етелі.

“Рухани жаңғыру сабақ шақтап” дамуы бөлшектері баланың және әлеуметтік-тұлғатын, танымдық-тілдік, кәсіптік-әлеуметтік жағдайы қамтамасыз етілуіне бағытталған. Мектепке дейінгі жастағы балалардың бүкіл өмірі ойынмен байланысты.

Ойын – балалар әрекетінің негізгі түрі, сондықтан ол бала өмірінде тәрбие мен білім берудің негізгі шарты болып табылады. Бала өзінің қоршаған ортасын, адамдар

арасындағы қарым – қатынасты білугі, көп сезінуі, ойын негізінде жүзеге асады. Ойын арқылы бала туралы дарақалық қалыптасуларды орындауға көмекші

бала орта алуан түрлі тәрбие және білім беру әлеуметтерімен, ойын құрылымымен, дидактикалық материалдармен, дүниежүзілік құрылыммен толыққан. Ұлт сәсінігіне тәрбиеленген баланың өзіндік дамуына, сәйкестігіне, сәулеті, кеңірек қарым-қатынасы жаңа пәнік, серуен, сезімділігі.

Айналы дүниеге сабақ сәсінігі, көзқар қыламын қарайды. Ұлттық тәрбие – ұлағат ұлттық өкілдік нақарға ала отырып, заманауи инновациялық әдістерді, әдістерін қолданып, ойыншықтарды қолдану арқылы баланы жеке-әрқайсы дамуы бөлшектері әртүрлі аймақтарға бағытталған.

## «Рухани жаңғыру балалық шақтан» кабинетін және топ балмелерінде заттық дамытушы ортаны жабдықтауға қойылатын талаптар

1. Балалар мен тәрбиешінің эмоционалдық кәңді-күйін көтеретін көркем дизайн элементтерін қосу және олардың эстетикалық талаптарға сай болуы және балалардың талап-тілектері мен, қажеттіліктері, ұсыныстары ескерілуі тиіс.
2. Еледе жасыл түсті кілемнің болуы, оқу кызметінің кезінде үзіліс жасап, тынығу үшін жұмсақ жиһаздардың болуы (диван, бірнеге кресло, пуфик, т.б.)
4. Заттық дамытушы ортада ойын, оқу, еңбек әрекеті барысында адегтілік нормаларына, эстетикалық талаптарға сай болуы тиіс.
5. Жағымды түсті штор, қабырғадағы түсқағаздың түсі жұмсақ, жылы болуы тиіс, картиналар, арнайы өсірілген гүлдер.
6. Қойылған заттар баланың еркін жүріп-тұруына және алын пайдалануына ыңғайлы болуы шарт, бірнеше функционалды аймақтарға бөлінеді (6 кәзінде сәйкестендіру).
7. Заманауи санитарлық-гигиеналық стандарттарға сәйкес келуі (жарық, жылу, желдету, балалардың жас ерекшелігі нормаларына сәйкес келетін жиһаз);
9. «Туған жер», «Атамекен», «Рухани Қазына», «Ақпарат толықшы» туралы фото суреттер, ұсақ суреттер, видео жазбалар, т.б. бәрі балаларға түсінікті әрі қол жетімді болуы, балалардың ығармашылық жұмыстарын және презентацияға арналған тақталар, магниттер, флипчесттер т.б.
10. Мүмкіндігінше музыкалық орталық, бейнемагнитофон мен бейне проектор, бейнесмера, компьютер, сандық камера (аудиокауданы оқу құралдары (мәліфоліктер; диафильмдер, диафильмдер, бейнефильмдер және т.б.) Тәрбиешілерге арналған РЖ бағдарламасы бойынша қосымша әдебиеттердің болуы.
11. «Менің елім Қазақстан» - дамытушы ойындары.
12. «Сипқырлы сандар әлемі» әдістемелік құралдары мен ойындар жылытығы және көрнекі құралдар.
13. Сауат ашу негіздері. «Ты қазына».

## «Рухани жаңғыру саби шақтан»-дамыту бөлмесі

Мектеп алды және мектепке дейінгі білім және тәрбие беру мекемелерінде заманауи инновациялық-адаптивті материалдарды, «Жеті ойыншық» авторлық жобасы бойынша дайындалған жетілдірілген ұлттық ойыншықтарды қолдану арқылы баланы жан-жақты дамыту бөлмесінің аймақтары



## «Тіл-Қазына»-Тіл дамыту аймағы

«Тіл- Қазына»- Тіл дамыту аймағы. Балаға тілді алып жүруші ретінде тілді дамытуға арналған (оның толыққанды интеллектуалды өсу мүмкін емес болғандықтан) тиісті материалдар қажет. Берілген аймақта жазуға моторлық (қимылдың) дайындық, фонетиналық естудің дамуы, жазу мен оқуға үйрету, т.б қарастырылады. Бұл жерде бала өзінің қорын кеңейтуге, әріптермен танысуға, сұсағымен қиынырақ әріптерді салуға, манна жармасына сурет салуға, сондай – ақ жылжымалы алфавит арқылы сөздерді қояла үйренеді.




Ата-аналар мен тәрбиешілер ойыншықтарды сатып алуда оның қорабында жазылған нұсқаулыққа мән беріп, ол баланың ойнауы барысында қимыл –қозғалыс әрекеттеріне жағдай жасауды, дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз етуді және баланың қызығушылығы мен бейімділігін, қабілетін зерттеуге мән беруі керек.

## «Ұлы дала ұланбы»

Күнделікті өмірге қажетті дағдыларды қалыптастыру аймағы. Күнделікті өмір жаттығулар аймағы кішкентай балалар үшін ерекше маңызды. КӨЖ аймағында бала өзіне және өз заттарына қарауға көмектесетін материалдар орналасқан.

Ең басты мәселенің бірі ретінде ойыншықтар отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдарда баланы әлсіздеткендіру – де біркелкі талаптар мен бірыңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз етуге көмектесе алатындай болғаны маңызды.





## «Зияткерлер»- Сиқырлы сандар аймағы


«Ғажайыптар мекені» - Жаратылыстану аймағы (Экология, Гидропоника, қарапайым физикалық, химиялық түсініктер)



Ұлттық ойыншықтарды пайдалану арқылы балалардың психикалық процесстері: қабылдау, ойлау, есте сақтау, зейін, қиялын дамытуға ықпал етіп, қарапайым жобалау, зерттеу жұмыстарымен айналысатындай болуы шарт. Бұл баланың ұлттық құндылықтар негізінде тұлғалық мәдениетке ие болуына, дара қабілеттерінің ашылуына ықпал етуі тиіс.

## «Зерделі ұрпақ»-Сенсомоторлық аймағы

«Зерделі ұрпақ» - Сенсомоторлық аймағы. Бұл аймақта бала қоршаған ортаны зерттеуде өзінің сезімдерін қолдана білуге үйренеді – осындағы материалдар арқылы өзінің көру сезімін (Түрлі түсті кестелер, көлемі мен пішінін ажыратуға арналған материалдар т.б). Сипап сезу сезімін (сипау үшін тақтайшалар, маталардың қиындыларының жиынтығы т.б). Есту сезіміне (шуылдайтын қорапшалар, музыкалық аспаптар т.б) жеткізіледі, сол сияқты температураны ажырату, заттардың



## «Ұлы дала сазы»-Шығармашылықты дамыту аймағы



Ұлттық ойыншықтар баланың жеке дара қабілетін дамытып қана қоймай ойнау барысында баланың бойында эстетикалық сезімін дамытып, бейнелеу, көркемдік-тілдік, музыкалық іс-әрекетті қалыптасатыруға ықпал етіп, шығармашылық әлеуетін көтеруге көмектесетіндей болуы керек.



**«Алмайыттар мекені» - Жаратылыстану аймағы (Экология, Гидропоника, қарапайым физикалық, химиялық түсініктер)**



Жалтық ойыншықтармен жұмыс жасауда негізгі 90% жүктеме баланың ойлануына, толғануына, шығармашылықпен әрекет етуіне: ән салу, домбыра тарту, би билеуге, өздігінен дербес әрекетіне жұмсалып, 10% ғана құрастырға, орналастыруға кетеді. Бұл ойыншықтардың құрастырмалылығының тиімділігін және жас ерекшелігіне сәйкестігіне байланысты болатындығын көрсетеді.

## «Ұлы дала ұлағаты»-Туған жер,тарих-этномәдениет аймағы

«Ұлы дала ұлағаты» - Туған жер, тарих- этномәдениет аймағы.Ең алдымен ұлттық тәрбиеге мән берген жөн.Ұлттық мәдениетімізді ұрпағымыздың санасына сіңіріп, өз елін, өз жерін сүйетін, халқының тарихын, тілін қадірлеп-қастерлейтін азаматты тәрбиелеу ұстаздың басты мақсаты. Мағжан Жұмабаев атамыз айттып кеткендей: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері саналып келе жатқан тақ-тақ жол болғандықтан әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс». Бул аймақта бала өз ұлтының мәдениетімен, тарихымен, салт-дәстүрімен тереңірек таныса алады.



Ұсынылған ұлттық ойыншықтарды пайдалануға байланысты авторлар тәрбиешілер мен ата-аналарға арнайы нұсқаулар дайындап, ол тек баланың ермегі үшін ғана емес, жағымды мінез-құлық қарындарын қалыптастыруға, тәртіп ережесін сақтауға, қазақстанда қалыптасқын ұлттық салт-дәстүр негізінде тәрбиелеуге көмектесетіндей болғаны абзал.

**«Рухани жаңғыру себи шақтан»-дамыту бөлмесі**



## «Рухани жаңғыру-бала шақтан» заттық кеңістік ортасы жабдықталған бөлмелерде оқу қызметі ойын түрінде өткізіледі

Дамытушы ойындарды жүргізу әдістері.

- *Педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойын. Педагог ойынды ұйымдастырғанда балаға нені және қашан істеу керектігі туралы нұсқау береді. Әрбір тақырыпқа сәйкес ойынның өзіндік ерекшеліктері бар. Балалар үшін алаңсыз ойнауға жағдай жасау керек және ойын/оқу ортасын қамтамасыз етеді, бала мұндай ортада басқа балалармен қарым-қатынасты ойынға қажетті дағдыларын дамыта алады. Тәрбиеші ойын ережелерімен таныстырып, ойынға бағыттайды, балалар оны орындауды ұғынып алған соң, ойынды өз бетінше бастап, басқалардың көмегінсіз өзі аяқтайтын болады, ойынның нәтижесіне өздігінен қол жеткізеді.*
- *Құрылымдалған ойын. Педагог ойынға қажетті материалмен қамтамасыз етеді, ойынды бастайды. Ойынды бағыттау немесе балаға кеңес беру үшін оған қосылады. Бұл ойында мақсатпен нәтижеге бағытталған, әрекеттер алгоритмі, ережелер бар. Балалар тәрбиешінің тапсырмасын өз бетінше орындайды. Құрылымдалған ойындарға әртүрлі ағаштан жасалған ойыншықтарды құрастырады, «мағыналы оюлар», «керемет домбыра», «бұл менің әсем астанам», «жайлауда», «қасиетті киіз үй», «ағаш тақтайшалар», «ауа райы» т.б.*
- *қимыл-қозғалыс ойындары мен сұды, құмды, саз балшықты пайдаланып шығармашылықпен толықтыруға болады.*
- *Дербес, еркін ойын. Нақты шекаралары ережелері жоқ, бала қалағанын жасайды. Педагог жанама түрде бақылап, кімнің қай ойынды ойнай алмайтынын, кімнің қозғалатынын, ал кім керісінше, тынымсыз екенін байқауы тиіс. Педагог ойын кеңістігін алдын-ала дайындап жағдай жасап қояды, кейбір тарапта материалдарды өздері алып, соған қарап балалар өздері қалаған ойыншықтарын алып, құрастырып, өздігінен дербес әрекет ету арқылы нәтижеге жетеді.*

## Тәрбиешіге қойылатын мақсатмiндiктер

### Тәрбиешiге қойылатын талаптар:

- тәрбиешi ұстаз балаларға деген сүйiспеншiлiгi, мейiрiмдiлiгi мол, өзiнiң жеке басының үлгiсiмен балаларға жақсы өнеге көрсетудi алдына мақсат етудi керек.
- жас ұрпақтың бойына тәрбиенiң алғашқы негiзiн қалыптастыратын адамгершiлiгi жоғары, мәдениеттi, өз iсiне сенiмдi, қоғамның идеясы мен ғылыми жетiстiктерiн дұрыс бағалай алатын, әдебиетпен өнердiң және ғылым салаларының дамуын жақсы түсiнiп, оны балаларға түсiндiре алатын болуды керек.
- айналасындағы адамдарға сый құрметпен қарауға, тiл табыса алуы, сөйлеу мәдениетi, кiшi пейiлдiлiгi, әдептiлiгi, бiлiмдiлiгi, ортада өзiн лайықты ұстай бiлудi, өнегелi тәртiбi, адамдыққа негiзделген қарым-қатынасы болуды шарт.
- тәрбиешiге педагогикалық зейiн, ақыл ой, ерiк қайрат, жiгер, шыдамдылық, ұстамдылық, ақылдылық, қайырымдылық, зиялылық, шынылдық, абалдық, қарапайымдылық, мейiрiмдiлiк, iзеттiлiк, iзденiмпаздық қажет.
- тәрбиешiнiң өзi тәрбиелi болуды керек. Ол iскер, қиындықтан дұрыс жол тауып шыға алатын, баланың бойындағы жақсы қасиеттердi танып, дұрыс бағдар беретiн сезiмтал тұлға болуды қажет.
- тәрбиешi қызметiнiң ерекшелiгiне байланысты педагогтiң кәсiби этикасын игерудi керек.

### Тәрбиешiнiң мiндеттерi төмендегiдей:

- тәрбиешi жас ұрпақты жан-жақты дамыту үшiн баланың күнделiктi өмiрiне дұрыс бақылау жасауға, балаларды дұрыс тәрбиелеудi қамтамасыз етуге;
- балалардың денсаулығын сақтауға қорғауға байланысты дәрiгер талабын орындауға, күн режимi кезеңдерiн дұрыс ұйымдастыруға;
- өз тобындағы әр баланың қызығуы мен қажетiне ұқыптылықпен, қамқорлықпен қарауға;
- баланың мiнез-құлқының дұрыс қалыптасуына ықпал ете алуға, ақыл ойын, адамгершiлiк қасиеттерiн, еңбек ете бiлудi, эстетикалық талғамын дамытуға;
- құрбыластарына жанашыр қарым-қатынастарға тәрбиелеуге;
- балаларды отбасында, балабақшада тәрбиелеу мәселелерi туралы ата-аналарымен жұмыс жүргiзуге;





Мектепке дейінгі ұйымдарда "Рухани жаңғыру" бағдарламасы идеяларын жүзеге асыру жолдары" тақырыбында облыстық семинар 16 қазан 2021 жыл, Ақтөбе қаласы



Осы семинарға балабақша меңгерушісі Курманова Л.Б және аудан, облыс білім беру саласының мамандары қатысып "7 ойыншық" жобасының авторлары Ерасыл Сақенұлы, Л.Н Гүмилев атындағы Евразия университетінің профессоры, педагогика ғылымының кандидаты Фатима Ниязбековна Жұмабековамен кездестік



Жоғарыда аталып өткен көрнекіліктерді қолдана отырып, балалардың бойында патриоттық тәрбие сезімін дамытуға ат салысайық.

Жас ұрпақ бойында патриоттық, отансүйгіштік, имандылық, мейірімділік т.б. сияқты халқымыздағы асыл да абыройлы қасиеттерге тәрбиелеумен қатар, патриоттық сезімді қалыптастыруда, ең алдымен, халықтың рухани азығымен қайнар булағы, оның халық педагогикасы, ұлттық салт-дәстүрін терең сіңіру деп есептейміз

